

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге ақшалай өтемақы алуға құқығы бар әскери қызметшілері, қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 483 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 1144 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.10.2014 № 1144 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.02. N 900 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 заң күші бар Жарлығының 30-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге ақшалай өтемақы алуға құқығы бар әскери қызметшілері, қызметкерлері лауазымдарының тізбесі б е к і т і л с і н .

**Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2011.08.02. N 900 Қаулысымен.**

2. Осы қаулы 1999 жылдың 7 сәуірінен қолданысқа енгізіледі және жариялауға жатады.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и қ а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 31 наурыздағы  
N 483 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге ақшалай өтемақы алуға құқығы бар әскери қызметшілері, қызметкерлері лауазымдарының тізбесі**

Ескерту. Тізбенің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.02. N 900 Қаулысымен.

1. Қалалық, аудандық, желілік және кенттік ішкі істер басқармаларының (бөлімдерінің, бөлімшелерінің, пункттерінің) бастықтары мен олардың жедел жұмыс жөніндегі және тергеу жөніндегі орынбасарлары

2. Тергеу (анықтау) және әскери тергеу департаменттерінің, бас басқармаларының, басқармаларының, қызметтерінің (бөлімдерінің, бөлімшелерінің) бастықтары және бастықтарының орынбасарлары

3. Ішкі істер органдарының айрықша маңызды істер жөніндегі аға тергеушілері, айрықша маңызды істер жөніндегі тергеушілері, аға тергеушілері, тергеушілері, кіші тергеушілері, тергеушілердің көмекшілері, бас мамандары, аға инспекторлары мен инспекторлары, тергеу бөлімшелерінің, арнаулы полиция бөлімшелерінің жүргізуші-қызметкерлері, әскери тергеу бөлімшелерінің аға офицерлері, офицерлері және жүргізуші-қызметкерлері

4. Барлық органдардың және бөлімшелердің айрықша маңызды істер жөніндегі аға анықтаушылары, айрықша маңызды істер жөніндегі анықтаушылары, аға анықтаушылары, анықтаушылары, анықтау инспекторлары мен жүргізуші-қызметкерлері, сондай-ақ анықтаушылардың функцияларын тікелей жүзеге асыратын бөлімдердің, бөлімшелердің бастықтары, әскери полицияның аға офицерлері, офицерлері және жүргізуші-қызметкерлері

5 . Қ ұ п и я

6. Қазақстан Республикасының ІІМ жанындағы "Сұңқар" арнайы мақсаттағы бөлімшесінің командирі мен оның орынбасарлары, штаб бастығының орынбасары, аға инспекторы, кезекші бөлімнің бастығы, кезекшінің көмекшісі, бөлім бастығы, қопарғыш-инспекторы, бөлімше бастығы, мерген-шабуылшысы, қопарғыш-шабуылшысы, байланысшы-шабуылшысы, атқыш-шабуылшысы, автоброндытанк, арттехқару-жарақ, медициналық қызметтерінің бастықтары, жүргізуші-қызметкері, техник-байланысшысы

7. Ішкі істер министрлігі бөлімшелерінің, Астана қаласы ішкі істер басқармасының, Алматы қаласы ішкі істер басқармасының, облыстардың ішкі істер басқармаларының (басқармаларының), көліктегі ішкі істер басқармаларының, қалалық, аудандық, желілік және кенттік ішкі істер бөлімдерінің (бөлімшелерінің, пункттерінің) мынадай қызметтері:

криминалдық полиция  
Күзетке алу орындары департаменті  
Тоғызыншы департамент  
арнаулы техника  
жедел-криминалистикалық қызмет  
криминалдық барлау

"Интерпол" ұлттық орталық бюросы  
ішкі қауіпсіздік  
арнайы полиция  
Әскери полиция департаменті  
Әскери-тергеу департаменті

департаменттерінің, бас басқармаларының, басқармаларының, қызметтерінің (бөлімдерінің, бөлімшелерінің) бастықтары және бастықтарының орынбасарлары, айрықша маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілдері, айрықша маңызды істер жөніндегі жедел уәкілдері, аға жедел уәкілдері, жедел уәкілдері, кіші жедел уәкілдері, жедел уәкілдерінің көмекшілері, аға учаскелік инспекторлары, учаскелік инспекторлары, бас криминалистері, аға криминалистері, криминалистері, техниктері мен жүргізуші-қызметкерлері

**Ескерту. 7-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755**

қаулысымен.

8. Ішкі істер министрлігінің, Астана қаласы ішкі істер басқармасының, Алматы қаласы ішкі істер басқармасының, облыстардың ішкі істер басқармаларының (басқармаларының), көліктегі ішкі істер басқармаларының, қалалық, аудандық, желілік және кенттік ішкі істер бөлімдерінің (бөлімшелерінің, пункттерінің), мамандандырылған күзет қызметі Республикалық басқармасының, облыстық (қалалық) басқармаларының, қалалық және аудандық бөлімдерінің (бөлімшелерінің) Жедел басқару орталығының бастығы, оның орынбасарлары, жедел қимылдау басқармасының, бөлімінің (бөлімшесінің) бастығы, оның орынбасары, кезекші бөлімнің бастығы және оның орынбасарлары, жедел қимылдау басқармасы бастығының көмекшілері - жедел кезекшісі, жедел кезекшілері, аға инспектор-кезекшілері, инспектор-кезекшілері, ЭЕМ техниктері, "02" операторлары, жедел қимылдау басқармалары мен кезекші бөлімдері кезекшілерінің көмекшілері және жүргізуші-қызметкерлері.

**Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 321** қаулысымен.

9. Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы және оның жедел іздестіру жұмысы, анықтау, қылмыстық-атқару инспекциясы, ішкі қауіпсіздік қызметі, режим, қадағалау және күзет жөніндегі орынбасарлары, ҚАЖ комитеті аумақтық органдарының бастықтары және олардың жедел іздестіру жұмысы, анықтау, ішкі қауіпсіздік қызметі, режим, қадағалау және күзет жөніндегі орынбасарлары, Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің және оның аумақтық органдарының жедел басқармасы (бөлімі, бөлімшесі), режим, қадағалау және күзет басқармасы (бөлімі, бөлімшесі), «А» бөлімшесінің, қылмыстық-атқару инспекциясы бөлімінің (бөлімшесінің) бастықтары және бастықтарының орынбасарлары, аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл, аға жедел уәкіл, жедел уәкіл, кезекші бөлім бастығы, аға

кезекші-инспектор,

кезекші-инспектор.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.02. N 900  
Қ а у л ы с ы м е н .**

10. Жедел-іздістіру жұмысы, режим, қылмыстық жазалауды орындау жөніндегі бастықтар мен олардың орынбасарлары, жедел және режимдік бөлімдердің (бөлімшелердің), режим және күзет бөлімі бақылау қызметі бөлімінің бастықтары мен бастықтардың орынбасарлары, аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілдер, аға жедел уәкілдер, жедел уәкілдер, аға анықтаушылар, анықтаушылар, бастықтардың көмекші кезекшілері, бастықтардың кезекші көмекшілерінің орынбасарлары, жасақтар, нарядтар, қарауылдар бастықтары, корпус бойынша аға, аға бақылаушылар, бақылаушылар, аға инспекторлар, режим және күзет бөлімінің инспекторлары, пост полицейлері, жүргізуші қызметкерлер, кезекші инспекторлар, түзету мекемелерінің, тергеу изоляторларының, уақытша ұстау изоляторларының, белгілі бір тұратын жері жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлушілердің к е з е к ш і л е р і .

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755  
қ а у л ы с ы м е н .**

11. Дипломатиялық өкілдіктерді күзету жөніндегі полиция полкінде: жеке мамандандырылған және арнаулы батальондарда, роталарда, взводтарда, б ө л і м ш е л е р д е

жеке батальондарда, роталарда, взводтарда  
батальондарда, роталарда, взводтарда, бөлімшелерде  
жедел қимылдау батальондарында, роталарында, взводтарында  
арнаулы мақсаттағы роталарда, взводтарда  
айрықша мақсаттағы отрядтарда, роталарда және взводтарда  
айдауыл қызметі роталарында, взводтарында, бөлімшелерінде  
моторландырылған взводтарда, бөлімшелерде  
патрульдік-күзет қызметінің батальондарында, роталарында,  
взводтарында, бөлімшелерінде  
көлік полициясының роталарында, взводтарында, бөлімшелерінде, топтарында

ішкі істер органдарының ғимараттарын күзету бөлімшелерінде  
санитарлық және табиғат қорғау қызметінің бөлімшелерінде  
полиция топтарында, учаскелерінде, жылжымалы пункттерінде және бақылау бекеттерінде қызмет өткеріп жатқан, қаржы-шаруашылық, кадр қызметтерінің, психологиялық жеңілдету бөлімшелерінің (топтарының) хатшылықтардың қызметкерлерін қоспағандағы саптық бөлімшелер: командирі, командирдің орынбасары мен көмекшісі, штаб бастығы және штаб бастығының көмекшісі,

бөлім, бөлімше бастығы және бастығының орынбасары, кезекші бөлімнің, орталықтандырылған күзет пунктiнiң, техникалық бөлімнің, ветеринарлық қызметтің бастығы, аға инспектор-кезекші, аға инспектор, аға мемлекеттік автоинспектор, аға инженер, инспектор-кезекші, инспектор, мемлекеттік автоинспектор, инженер механик, кіші инспектор, полицей, техник, старшина, нұсқаушы, катер командирі, мерген, қопарғыш, аға жауынгер, шабуылшы топтың жауынгері, ветеринарлық фельдшер, кезекші

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК